

БУЛЛИНГ

ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Балаға жасалатын буллинг (жәбірлеу) – жүйелі түрде (екі немесе одан да көп рет) қорлайтын сипаттағы әрекеттер, қудалау және қорқыту, оның ішінде қандай да бір әрекетті жасауға немесе одан бас тартуға мәжбүрлеуге бағытталған әрекеттер. Сондай-ақ бұл әрекеттер көпшілік алдында немесе бұқаралық ақпарат құралдарын, телекоммуникациялық желілерді, онлайн-платформаларды (кибербуллинг) пайдалану арқылы жасалған жағдайда да буллинг болып саналады.



Жай мектептегі
жанжал мен
буллингтің

5
АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

БУЛЛИНГ ПЕН
КОНФЛИКТІҢ
АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ
НЕДЕ?





Буллинг пен жанжалдың басты айырмашылығы – күштің теңсіздігі. Жанжал жағдайында екі тараптың да күші тең, әрі олар жағдайға бірдей әсер ете алады. Ал буллинг кезінде жәбірленуші өзін дәрменсіз сезінеді.

Жанжал көбінесе кенеттен туындайды. Ол алдын ала жоспарланбайды және жиналған эмоциялардың сыртқа шығуымен қатар жүреді. Буллинг – бұл бір баланы басқа балалар тобының жоспарлы әрі жүйелі түрде қорлауы.




Жанжал жағдайында екі тарап та болған оқиға үшін жауапты. Ал буллинг кезінде жәбірленуші орын алған жағдайға кінәлі емес. Ол мұндай жағдайды өзі таңдамаған. Жәбірленуші кез келген бала болуы мүмкін.



Жанжал ұзаққа созылмайды. Тараптар оны мүмкіндігінше тезірек шешуге тырысады. Ал буллинг – бұл жәбірленушіні әдейі қорлау мақсатында жүйелі түрде қайталанатын әрекет. Оның мәні – эмоционалдық немесе физикалық зорлық-зомбылықта.

Жанжал шешілуі мүмкін. Бұл – соңғы әрі ең маңызды айырмашылық. Ал буллинг, жанжалдан айырмашылығы – тек тоқтатуға болатын жағдай.




**МЕКТЕПТЕ БУЛЛИНГКЕ
ҰШЫРАҒАН БАЛА
ҚАНДАЙ
САЛДАРЛАРҒА
ТАП БОЛУЫ
МҮМКІН?**



БАЛАНЫҢ БУЛЛИНГКЕ ҰШЫРАҒАНЫН КӨРСЕТЕТІН БЕЛГІЛЕР




ТАМАҚТАНУ НЕМЕСЕ ҰЙҚЫ МӘСЕЛелЕРІ.




ФИЗИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ



ДОСТАРДАН, МЕКТЕПТЕРДЕН ЖӘНЕ
ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ҚАШУ.



ДОСТАР, МЕКТЕП НЕМЕСЕ ЖЕЛІЛІЕР
ТУРАЛЫ АЙТҚЫСЫ КЕЛМЕУ.



ФИЗИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

01

НЕГІЗГІ ҚАУІПСІЗДІК СЕЗІМІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ



02

ЭМПАТИЯ МЕН ҚҰРМЕТТІ
ДАМЫТУ




03

ҚАҚТЫҒЫСТАРДАҒЫ
МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ


04

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ МЕН
СЕНІМДІЛІККЕ ӘСЕРІ



05

АТА-АНАНЫҢ МЕКТЕП ӨМІРІНЕ
ҚАТЫСУЫ



06

ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ



БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ



АШЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

ЭМПАТИЯНЫ ТӘРБИЕЛЕУ

ЖЕКЕ ҮЛГІ

ӨЗІНЕ ДЕГЕН СЕНІМДІЛІКТІ
ДАМУ

КИБЕРБУЛЛИНГ ТУРАЛЫ
ӘҢГІМЕЛЕСУ

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН КЕЙСТЕР



КЕЙС 1. «ҮНСІЗДІК ҚҰРБАНЫ»

Жағдай: 10 жастағы ұл бала тұтықпағына байланысты сыныптастарының мазағына ұшырап жүр. Ол үйде үндемейді, бұл туралы айтуға қорқады. Ата-анасы жұмыспен тым бос емес, баланың өзгерістерін байқамайды. Бала тұйықталып, оқуға деген қызығушылығын жоғалтқан.

Ата-аналармен талқылау сұрақтары:

1. Бұл алаңдатарлық белгілерді ертерек қалай байқауға болар еді?
2. Мұғалім қандай қадамдар жасай алады?
3. Балаға қандай қолдау сөздері маңызды?

КЕЙС 2. «СЫНЫПТАҒЫ АГРЕССОР»

Жағдай: 12 жастағы қыз бала сыныпта және чатта сыныптастарын үнемі қорлап, кемсітіп отырады. Мұғалім ата-анасын мектепке шақырады. Ата-аналар: «Ол бізде көшбасшы, жай ғана мінезі күшті» деп жауап береді.

Ата-аналармен талқылау сұрақтары:

1. «Ол жай ғана көшбасшы» деген ұстаным қаншалықты қауіпті?
2. Агрессияның себептерін қалай түсінуге болады? (Мүмкін, бұл отбасындағы мінез-құлық үлгісі, қанағаттандырылмаған қажеттіліктер немесе назар аударуға деген ұмтылыс болуы мүмкін.)
3. Бала мінез-құлқын өзгерту үшін қандай қадамдар жасау керек?

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БУЛЛИНГ ҮШІН ҚАНДАЙ ЖАЗА ҚОЛДАНЫЛАДЫ?



Буллинг («жүйелі қудалау») ұғымы Қазақстан Республикасының заңнамасына 2022 жылы «Бала құқықтары туралы» заңға енгізілген түзетулер арқылы енгізілді. 2024 жылғы 16 маусымнан бастап Қазақстанда кәмелетке толмағандарға қатысты буллинг үшін жауапкершілік белгілейтін тікелей нормалар күшіне енді. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс (бұдан әрі – ӘҚБтК) 127-2-баппен толықтырылды, ол «Кәмелетке толмағанды қудалау (буллинг, кибербуллинг)» деп аталады.

ОЛ МЫНАЛАРДЫ ҚАРАСТЫРАДЫ:


- Буллинктің бірінші жағдайы: ескерту немесе 10 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) мөлшерінде айыппұл салынады.
- Бір жыл ішінде қайталанған жағдайы: айыппұл 30 АЕК-ке дейін өседі.
- Егер қудалауды 12–15 жастағы жасөспірім жасаса: әкімшілік жаза (ескерту немесе айыппұл) баланың ата-анасына немесе заңды өкілдеріне 10 АЕК мөлшерінде салынады. 16 жастан бастап жасөспірімдер жеке жауапты болады, дегенмен қажет болған жағдайда айыппұлды ата-аналары субсидиарлық жауапкершілік тәртібімен төлейді.
- Кәмелетке толмағандардың жауапкершілігінің болмауы: 12 жасқа толмаған балалар әкімшілік жазаға тартылмайды – олар үшін тек мектеп аясында тәрбиелік ықпал ету шаралары ғана қолданылады.

Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 21 желтоқсанда № 31180 болып тіркелді.

Об утверждении Правил профилактики травли (буллинга) ребенка - ИПС "Әділет"

БАЛАЛАР ТАРАПЫНА ЗОРЛЫҚ - ЗОМБЫЛЫҚ ЖАСАУ ФАКТИЛЕРІН ҚОЛҒА АЛУ ЖӘНЕ ТӨТЕНШЕ
ЖАҒДАЙЛАРҒА ЖАУАП БЕРУ

АЛГОРИТМІ



БАЛАЛАРҒА ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ЖАСАУ ФАКТИЛЕРІНЕ ЖЕДЕЛ ЖАУАП БЕРУ АЛГОРИТМІ



1
қадам



■ Ішкі істер органдары (ИО), білім беру органдары мен ұйымдары (БҰ), денсаулық сақтау (ДСҰ), әлеуметтік қорғау (ӘҚҰ) балалардың жағдайына тұрақты мониторинг жүргізу және зорлық-зомбылық фактілерін анықтау (БАҚ мониторингі, патронаждық бару, рейдтер, азаматтардың өтініштерін қабылдау және қарау). Балаларға қатысты зорлық-зомбылық фактілеріне жедел ден қоюдың жұмыс органы ҚР Оқу-ағарту министрлігі (ОАМ) болып табылады. Өңірлік деңгейде жедел ден қою жөніндегі барлық жұмысты үйлестіруге өңірлер әкімдерінің орынбасарлары жауапты болады.



2
қадам



■ зорлық-зомбылық фактілерін органдардың немесе ұйымдардың бірі анықтаған кезде 1 (бір) сағат ішінде полиция бөліміне, прокуратура органдарына, қоғамдық ұйымдарға, денсаулық сақтау ұйымдарына хабарлау;
■ жедел-тергеу тобының шығуы және ИО-нің жедел-ізвестіру іс-шараларын дереу жүргізу (оқиға болған жерді қарау, медициналық куәландыру, СМС тағайындау, жәбірленушіден, куәлардан жауап алу және т.б.);
■ жағдайды анықтау: зорлық-зомбылық белгілерін анықтау (ДСҰ), баланың өмірі мен денсаулығына төнетін қатерлерді анықтау (ДСҰ, БҰ), алдын ала диагнозды қою (ДСҰ);
■ процессуалдық прокурорды тағайындау және қадағалауды қамтамасыз ету (прокурорлық органдар);
■ адвокатпен қамтамасыз ету (ИО).



3
қадам



■ зорлық-зомбылық құрбандарына дер кезінде жан-жақты қолдау көрсетуді ұйымдастыру, соның ішінде. Зорлық-зомбылық құрбанының туыстары, оның ішінде: психологиялық қолдау (БҰ); ата-ананың пікірін ескере отырып, баланың бірінші кезектегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету (ата-ананың/заңды өкілдің зорлық-зомбылық көрсету жағдайларын қоспағанда); жәбірленушіні зорлаушыдан қауіпсіз бөлмеде оқшаулау (ИО, БҰ); баланың тамаққа, жылуға, киім-кешекке бірінші кезектегі қажеттіліктерін қамтамасыз ету (БҰ, ӘҚҰ); өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда, баланы медициналық ұйымдарға (ДСҰ) орналастыру және т.б.;
■ зорлық-зомбылық құрбандарына жан-жақты қолдау көрсетуді қадағалау.



4
қадам



■ Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссия (КТІК) **1 (бір) жұмыс күні ішінде** баланы одан әрі ұйымға (КТБО, БҚО, Балалар үйлері, меншік нысанына қарамастан дағдарыс орталықтары) орналастыру немесе баланы отбасында қалдыру туралы шешім қабылдайды;
■ ұйымдардың (БҰ, ДСҰ, ӘҚҰ) базасында арнаулы әлеуметтік қызметтер (әлеуметтік, - медициналық, -психологиялық, -педагогикалық, -мәдени, -құқықтық қызметтер және т.б.) кешенін көрсету;
■ баланы отбасына қалдыру туралы шешім қабылдау кезінде: баланы әлеуметтік оңалтуға көмек көрсету және ата-аналарға психологиялық көмек көрсету (КТІК, ӘҚҰ, ДСҰ).

БАҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРМЕН ЖҰМЫС ТӘРТІБІ:



■ ақпараттық кеңістікті, БАҚ және әлеуметтік желілерді зорлық-зомбылық фактілері бойынша тәулік бойы бақылау және талдау (АҚДМ);
■ балаға қатысты зорлық зомбылық фактісі туралы жарияланған әрбір ақпарат бойынша ОАМ ресми өкіліне жедел хабарлау;
■ зорлық-зомбылықтың жеке атышулы жағдайлары бойынша 3 сағаттан кешіктірмей барлық құрылымдар (ОАМ, ИМ, ДСМ, АҚДМ, ЖАО) ақпарат беретін ОАМ ресми өкілінің БАҚ-қа шығуы.

Назарларыңызға рахмет!